

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда ауданының Бұлақ ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 9 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 3870 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 34 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 30.10.2014 № 34 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қобда аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринариялық – санитарлық инспекторының 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 74 ұсынысының негізінде Бұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бұлақ ауылдық округінің Бесқопа қыстағындағы «Тамбай» шаруа қожалығы аумағында ірі мүйізді мал арасында бруцеллез жұқпалы ауруының ошағы анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі	А.Темірбай
-------------------------	------------